

*Polpharma тобының
Этика кодексі*

*Polpharma тобының
Этика кодексі*



Құрметті мырзалар!

Біз күнделікті жұмысымызда басшылыққа алғымыз келетін құндылықтар, стандарттар мен ережелер жүйесін белгілейтін Polpharma Тобының Этика кодексін сіздерге мақтанышпен ұсынамыз. Қызметкерлермен, серіктестермен, клиенттермен және фирманың айналасындағы кең жұртшылықпен қарым-қатынас жасау кезінде ең жоғарғы стандарттарды ұстана отырып әрекет ету - біздің міндетіміз. Сонымен қатар, бұл өз өнімдері арқылы науқастардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына ықпалын тигізетін фармацевтикалық компания ретінде бізге жүктелген жауапкершілікті растайды.

Біз қабылдаған Этика кодексі құрмет, адалдық, жауапкершілік, ниеттестік және ынтымақтастық секілді Polpharma Тобының қызметкерлеріне ортақ этикалық құндылықтарға негізделген. Кодексте қамтылған ережелер Польшадағы және шетелдік нарықтағы Polpharma Тобына тиесілі барлық компаниялардағы лауазымына және атқаратын жұмыс сипатына қарамастан әрбір қызметкер үшін міндетті болып табылады.

Бұл құжат - Polpharma Тобында күшті этикалық мәдениетті құруды көздейтін кешенді этикалық бағдарламаның бір бөлігі. Бағдарламаны құру және талқылау барысында оған 2000-ға жуық қызметкер атсалысты. Бұл, өз кезегінде, компания үшін осы жобаның бірегей маңызға ие екенін көрсетеді.

Кодексті қабылдаудың арқасында біз заңды, қолданыстағы рәсімдер мен жүріс-тұрыстың ең жоғарғы стандарттарын сақтауды өзіне арқау етіп алған, сенім артуға болатын компания екенімізді растап отырмыз. Кодексте көрсетілген қағидаттар күнделікті шешім қабылдау барысында және дұрыс таңдау жасау кезінде бізге бағалы бағыт береді.

Біз алдымызға жоғары талаптарды қоямыз және жеткізушілеріміз бен серіктестерімізден де осыны күтеміз. Біз үшін серіктестеріміздің өзіміздің ұстанатын құндылықтар жүйесін сақтауы және осыған ұқсас жүріс-тұрыс нормаларын басшылыққа алуы үлкен маңызға ие. Біздің жасайтын іс-әрекеттеріміз өзгелер үшін үлгі болып, бүкіл фармацевтикалық саладағы стандарттардың жоғарылауына ықпал етеді деп үміттенеміз.

Құрметпен,

Ежи Старак

Polpharma бақылау кеңесінің төрағасы



ӘДЕП БАҒДАРЛАМАСЫ

Polpharma тобы

Мазмұны

| | |
|---|-----------|
| 1. Polpharma тобы жайлы | 7 |
| 2. Біз Этика кодексін қандай мақсатпен жасадық? | 10 |
| 3. Этика кодексі кімге қатысты ?..... | 12 |
| 4. Біз қалай әрекет етеміз?..... | 13 |
| 5. Басқарушы кадрлардың ұстанымы | 15 |
| 6. Этика тұрғысынан күмәнді болып табылатын жағдайларда не істеу қажет? | 17 |
| 7. Polpharma тобының этикалық құндылықтар жүйесі | 19 |
| 7.1. Әріптестермен қарым-қатынас жасау барысында біз қандай қағидаларды ұстанамыз?..... | 22 |
| 7.2. Іскерлік қарым-қатынаста біз қандай ережелерді ұстанамыз?..... | 27 |
| 8. Тәртіп бұзушылық туралы хабарлау..... | 37 |

Осы Кодексте «компания» ұғымы кездескен кезде, бұл ұғым әрқашан Polpharma Тобына енетін әрбір субъектіні, сонымен қатар, тұтастай Polpharma Тобын меңзеп тұрғанынын түсіну қажет.

«Polpharma Тобының қызметкері» деген ұғым Polpharma Тобына енетін кез келген субъектінің қызметкерін, сонымен бірге, біздің стратегиялық серіктесіміз Farmaprojects компаниясының қызметкерін білдіреді.

Этика кодексінде қарастырылған кейбір мәселелер Polpharma Тобында қолданыста жүрген бұдан да толығырақ рәсімдер арқылы реттелуі мүмкін.

Этика кодексі көшілік кіре алатын www.santo.kz сайтында, сонымен қатар, Polpharma Тобының Интранетінде, тікелей басшыда және SANTO компаниясының Compliance Officer-інде бар.

1. Polpharma Тобы жайлы

Polpharma компаниясының тарихы 1935 жылы дәріханашы Курт Боскамп Старогард-Гданьск қаласында Polpharma атты польшалық химиялық-фармацевтикалық фабриканың негізін қалаған кезден басталады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін фабрика мемлекет меншігіне өтті. Ал 1959 жылы «Польфа» Фармацевтикалық өнеркәсіп бірлестігіне енді. 1995 жылы біз Polpharma деген тарихи атауымызға қайта оралдық. Компания 2000 жылы жекешелендіріліп, бұл оның серпінді дамуына өз әсерін тигізді.

2012 жылы Polpharma Тобының құрамына енген «Польфа Варшава» компаниясы өзінің бұдан да ұзаққа созылған тарихын мақтан ете алады. Себебі оның түп-тамыры қазіргі «Польфа Варшава» АҚ компаниясының негізін қалаған Жасанды минералды су институтының негізі салынған кезден - 1824 жылдан тартады.

Қазіргі таңда біз польшалық фармацевтика нарығының көшбасшысы және қызметін Орталық-Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия нарықтарында жүргізіп отырған халықаралық фармацевтикалық топ болып табыламыз. Біз - генерикті өндіретін әлемдегі алпауыт 25 кәсіпорынның біріміз. Дәрі-дәрмек және фармацевтикалық субстанциялар, биологиялық белсенді қоспалармен қатар, біз диеталық азық-түлік өнімдерін, медициналық бұйымдарды және косметиканы өндіреміз.

Polpharma Тобының құрамына келесілер кіреді: басты кеңсесі Старогард-Гданьск қаласында және өндірістік бөлімдері Духнице және Нова-Демба қалаларында орналасқан Polpharma фармацевтикалық зауыты; Варшавадағы «Polpharma» Сауда кеңсесі» ЖШҚ; Серадз қаласындағы «Медана Фарма» АҚ; «Польфа Варшава» АҚ; ресейлік «Акрихин» компаниясы; Шымкенттегі «Химфарм» АҚ (Santo Member of Polpharma Group сауда белгісімен қызмет жасайды); сонымен бірге швейцариялық Swiss Pharma International AG компаниясы.

2011 жылы «Химфарм» АҚ (SANTO компаниясы) халықаралық фармацевтика тобына еніп, қазіргі кезде қазақстандық дәрі өндірушілер арасында көшбасшы орынды алып отыр. Компанияның өндірістік қуаттылығы жыл сайын 1 миллиард таблетка, капсула мен түйіршікті, 300 миллион ампуланы, 24 миллион антибиотик құтышасын, 4 миллион инфузия пакеті мен құтышасын және 20 миллион шәрбат құтышасын өндіруге мүмкіндік береді. Компания коржынында терапияның түрлі саласындағы ауруларды емдеуге арналған 12 фармакотерапиялық топқа жататын 200-ден астам генериктік және түпнұсқалы препарат бар.

Қазіргі таңда Компания GMP халықаралық стандарттарына сай келетін қолданыстағы фармацевтикалық өндірістерді жаңарту және жаңа кәсіпорындарды құру бойынша көлемі 100 млн. АҚШ долларын құрайтын ең ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыруда. Осы жоба шеңберінде Шымкент қаласында инъекциялық ерітінділер және инфузияларды өндіретін жаңа цех салынып, пайдалануға берілді.

SANTO компаниясы зарарсыздандырылған дәрілік заттардың қолданыстағы өндірістеріне арнап GMP сапасына сәйкестігі жөніндегі 2 сертификатты алған. Бұл 2 сертификат инъекциялық ерітінділер мен инфузияларды шығаратын цехтегі инъекциялық ерітінділер өндірісіне және пакеттер мен бөтелкелерде шығарылатын инфузиялық препараттар өндірісіне берілген. Компания дәрілік өнімдерін Ресей, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан және Түрікменстан секілді бес елге экспортқа шығарады.

Сонымен қатар, біздің стратегиялық серіктесіміз испандық FarmaProjects компаниясының қызметі Polpharma Тобы қызметімен біріктірілген. Сондай-ақ, Литва, Украина, Беларусь, Әзірбайжан, Өзбекстан, Чехия, Болгария және Вьетнамда біздің өкілдіктеріміз бар. Біз инновациялық шешімдерді қызметіміздің барлық салаларында ендіріп, әлемдік деңгейдегі технологияларды және өндірістің ең жоғарғы стандарттарын қолданамыз. Сондай-ақ, біз ғылым мен білім беру ісін және салауатты өмір салтын ұстануға көмектесетін емдеу шараларын дамытуға белсенді түрде атсалысамыз. Бізге науқас адамдар, дәрігерлер және іскерлік серіктестер өз сенімдерін артады.

Қызметкерлеріміздің өз жұмысына жан тәнімен беріле қызмет жасап отырғаны біздің үлкен әлеуетке ие екенімізді айғақтайды. Біздің компания құрамында 7000-нан аса адам Польшада және шет елдерде қызмет атқарады. Қызметкерлеріміздің өсіп-дамуына жағдай жасап, алға қойған мақсаттары арқылы өздеріне, компанияға және қоршаған ортаға өз пайдасын тигізуге мүмкіндік беру үшін біз оларды жақсы жұмыс орындарымен қамтамасыз етеміз.

2. Біз Этика кодексін қандай мақсатпен жасадық?

Науқас жандарға көмек көрсететін компания ретінде бізге қандай жауапкершіліктің артылып отырғанын біз терең түсінеміз. Әрдайым сау болғысы келетін жандар үшін де көмегімізді аямаймыз. Біздің өнімдерді қолданатын адамдардың барлығымен өз білімімізбен және тәжірибемізбен бөлісіп отырамыз. Күнделікті қызметімізге жұртшылықтың сеніммен қарауы қаншалықты маңызды екенін біз жақсы түсінеміз.

Біз этикалық стандарттарға негізделген нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет етуді қалаймыз. Оның қайнар көзі көптеген жылдар бойы қалыптасқан және біздің дәстүрлер мен мәдениетімізге негізделген, Polpharma Тобының барша қызметкерлеріне ортақ құндылықтар жүйесінде жатыр. Осы құндылықтардың арқасында біз айналадағыларға және қызметкерлерге пайдамызды тигізе отырып, Polpharma тобының орнын нығайтудамыз.

Осы Кодексте қамтылған этикаға сай жүріс-тұрыс туралы декларация біздің уәждемеміз болып табылады және де ол біз қабылдайтын шешімдер мен әрекеттердің бағытына және сипатына өз ықпалын тигізеді. Бұл декларация науқас жандар мен серіктестерімізге біздің қызметіміз адалдық қағидалары мен көпшілік

қабылдаған ережелер негізінде атқарылатындығына кепіл береді.

Этика кодексі этика нормалары мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмысты атқару үшін қажетті қолдаумен қамтамасыз ете отырып, біздің қызметтің шеңберін және стандарттарын белгілейді. Бұл қызметкерлерден «осы нақты әрекеттер Polpharma Тобының адал және сенімді іскерлік серіктес ретіндегі беделін нығайтуға септігін тигізе ме?», сонымен қатар, «бұл фирманың абыройына нұқсан келтіріп, ал клиенттерді біздің өнімдерге қол жеткізу мүмкіндігінен айырмай ма?» деген секілді сұрақтарға жеке өзінің бағасын беруді де талап етеді.

Polpharma Тобының әрбір қызметкері ұйымның ішінде, сондай-ақ, одан тысқары орындарда Кодекс ережелеріне сәйкес қызмет жасауы тиіс. Сонымен қатар, бізбен бірге ынтымақтаса жұмыс жасайтын тұлғалар да біз қабылдаған жүріс-тұрыстағы этика нормаларын сақтайды және де өз қызметтерін адал, заңнамаға сай атқарады деп күтеміз.

Біз қабылдаған Кодекс - Polpharma Тобындағы бизнес мәдениет этикасына сүйене отырып құрылған іргетас. Ол серіктестерімізбен жасалатын келісім-шарттардың бір бөлігі болып табылады.

3. Этика кодексі кімге қатысты?

Polpharma Тобының Этика кодексі лауазымына, еңбек өтіліне, орналасқан жеріне және жұмыс көлеміне қарамастан әрбір қызметкерді Polpharma Тобының этика стандарттары мен нормаларын, сондай-ақ, ағымдағы заңнама ережелерін сақтауға міндеттейді.

Сонымен бірге, Кодекс еңбек шартын жасамастан жұмысқа орналасқан тұлғалар үшін де міндетті болып табылады. Бұл еңбек шартын жасасып жұмысқа орналасқан тұлғалар да, азаматтық-құқықтық шарттар негізінде қызмет жасайтын тұлғалар да, Polpharma Тобына қызмет көрсететін сыртқы компаниялардан жіберілген қызметкерлер немесе уақытша жұмыс жасайтын қызметкерлер де Этика кодексінде қамтылған ережелерді біліп, оны сақтауы керектігін білдіреді.

4. Біз қалай әрекет етеміз?

Polpharma Тобының Этика кодексі бізге арналып жасалғандықтан, біз:

- ✓ қолданыстағы заңнама ережелерін сақтаймыз;
- ✓ компания ішінде және одан тысқары орындарда, Этика кодексінде бекітілген этика нормалары мен стандарттарына сай әрекет етеміз;
- ✓ компания тәртібін сақтаймыз;
- ✓ жұмыс орнымызда жөнсіз әрекеттерге жол бермейміз: Polpharma Тобында қабылданған этика нормалары мен қолданыстағы заңнама ережелеріне қайшы келетін жүріс-тұрысты байқаған кезде әрқашан мұндай әрекеттерді елеусіз қалдырмаймыз;
- ✓ Polpharma Тобында қабылданған этика нормалары мен қолданыстағы заңнама ережелерін бұзатын әрекеттер жайлы өзіміздің тікелей басшыларымызға, Compliance Officer-ге немесе тағайындалған өзге де тұлғаларға компанияда қабылданған тәртіп бұзушылық туралы хабарландыру тәртібін сақтай отырып жеткіземіз;

- ✓ орынды болған жағдайларда Compliance Officer-ге Кодексті жетілдіретін немесе Polpharma Тобының этикалық мәдениетін нығайтуға мүмкіндік беретін ұсыныстарымызды жібереміз.

Ұлттық заңнама ережелері Этика кодексіне және компания ішіндегі тәртіпке қарағанда қатаңырақ болса немесе, керісінше, ұлттық заңнама ережелері Этика кодексіне және компания ішіндегі тәртіпке қарағанда жұмсағырақ болса, ондай жағдайларда барынша қатаң талаптарды басшылыққа алу қажет.

5. *Басқарушы кадрлар ұстанымы*

Polpharma Тобын басқаратын барлық деңгейде жетекшілік ететін бөлімшелердің мүшелері өзгелерге жақсы үлгі көрсетіп, қызметкерлерге өнеге болуы тиіс.

Жетекшілердің рөлі төмендегідей:

- ✓ қол астындағы қызметкерлері үшін көпшілік арасында қабылданған этика құндылықтарына негізделген еңбек мәдениетін ендіруге және оның дамуына септігін тигізетін, алға қойған мақсаттар мен тапсырмаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ортаны құру;
- ✓ қызметкерлермен сұхбаттасу және жұмыс жасаудың этикалық тұстарына мән беру арқылы Этика кодексінде бекітілген стандарттар мен жүріс-тұрыс ережелерін күнделікті кәсіби іс-тәжірибеге ендіру;
- ✓ барлық қызметкерлерге Этика кодексінің мазмұнымен танысуға мүмкіндік беру;

- ✓ қызметкерлер этикалық дилеммалардың шешімін іздеп, осы жөнінде хабарлаған жағдайда, өз құзыреті аясында қажетті түсіндірулер мен кеңестерді беру;
- ✓ Кодексте қабылданған жүріс-тұрыс ережелерін, сонымен бірге, ағымдағы заңнама ережелерін бұзған жағдайларға қатысты қызметкерлер арыздарын қабылдау, оларды саралау және тиісті шешімдерді қабылдау;
- ✓ Polpharma Тобына жағымсыз ықпалын тигізуі мүмкін барлық әрекеттерге қатысты нақты шаралар қабылдау;
- ✓ этикалық сипаттағы қауіптер жайлы хабарлаған қызметкерлерге қажетті қолдау көрсету және оларды этика нормаларын бұзатын тұлғалардың кері әрекеттерінен қорғау.

6. *Этика тұрғысынан қумәнді болып табылатын жағдайларда не істеу қажет?*

Этика кодексі Polpharma Тобында қабылданған этика ережелері мен стандарттары туралы білім беретін негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Алайда, Этика кодексінің ережелері этикалық норма тұрғысынан алып қарағанда дұрыс баға беруге жеткілікті болмауы мүмкін екенін біз түсінеміз. Мұндай жағдайларда барлық қызметкерлер өз күмәнін тікелей жетекшісіне немесе Compliance Officer-ге жеткізуі тиіс.

Қандай да бір нақты жағдайда қалай әрекет етуді білмеген кезде, келесі сұрақтардың жауаптары бізге көмектесуі мүмкін:

- ✓ Менің жүріс-тұрысым Polpharma Тобында қабылданған тәртіп пен заңнама ережелеріне сай келе ме?

- ✓ Менің жүріс-тұрысым Этика кодексінде сипатталған этика құндылықтары мен ережелеріне сай келе ме?
- ✓ Осы жүріс-тұрысым менің құндылықтарыма және жүріс-тұрыс ережелеріме сай келе ме? Осылайша әрекет етсем, сосын өзімді қалай сезінемін?
- ✓ Осы жүріс-тұрыс менің кәсіби міндеттерімді орындау кезінде қабылдайтын шешімдерге әсер етуі мүмкін бе?
- ✓ Басқа адамдардың осылай әрекет еткенін қалайтын ба едім?
- ✓ Маған қатысты басқа адамдардың осылай әрекет еткенін қалайтын ба едім?
- ✓ Менің осылай әрекет еткенімді жақын адамдарым білсе, олар өздерін қалай сезінер еді?
- ✓ Бастығым және әріптестерім осы жағдайға қалар қарар еді?
- ✓ Бұл жағдай Polpharma Тобына материалдық залал әкеле ала ма немесе оның абыройына нұқсан келтіре ала ма?
- ✓ Егер осы жағдай туралы БАҚ-на хабарлайтын болса, менің жақындарым, әріптестерім, басшылық және де Polpharma Тобының айналасы бұған қалай қарар еді? Мен өзімді қалай сезінетін едім?

7. Polpharma тобының этикалық құндылықтар жүйесі

**«Адамдар адамдардың қамын ойлайды»
- бұл біздің қызметімізбен ілесе жүретін ұран.**

Оның негізінде Polpharma Тобын көптеген жылдар бойы құрып келе жатқан тұлғалардың жеке және кәсіби ұстанымдарының арқасында қалыптасқан этикалық құндылықтар жүйесі жатыр. Компанияның ішінде және одан тысқары орындарда әрекет ету кезінде біз бұл құндылықтарды әрқашан жадымызда ұстаймыз.

Құрмет

Адам бәрінен маңызды. Біз қызметкерлермен және де біздің өнімді тұтынушылармен қарым-қатынасымызда құрмет көрсету қағидаларын ұстана отырып, адамдарға және жұмысқа үлкен құрметпен қараймыз. Біз қызметкерлердің абыройына және олардың әралуандығына құрметпен қарайтын, этикаға қайшы жүріс-тұрысқа және кемсітушілікке жол бермейтін жұмыс ортасын құруға ұмтыламыз. Біз қызметкерлердің дамуына, сондай-ақ, олардың кәсіби және жеке ниет-талаптарын жүзеге асыруға жағдай жасайтын жұмыс орнын құрғымыз келеді. Біз қызметкерлердің және бізбен әрекеттесетін адамдардың жеке өмірін сыйлаймыз.

Адалдық

Polpharma Тобының беделі мен сенімділігінің негізі заңды сақтау болып табылады. Өзіміздің қызметімізді жүргізіп отырған әрбір елдегі қызметкерлер сол елдің заңнамаларын сақтап, сәйкесінше әрекет етуі қажет.

Сонымен қатар, біз үшін адалдық түсінігі көпшілік арасында қабылданған этика нормалары мен қағидаттарын ұстана отырып, этика нормаларына сай әрекет етуді білдіреді. Бұл біздің нарық ортасында жасайтын қарым-қатынасымыздан және бәсекелестік жасауда қолданатын әдістерімізден, сонымен қатар, өз өнімдерімізді ілгерілету және жарнамалау кезінде адал әрі шыншыл тәсілдерді қолданатынымыздан көрініс табады.

Жауапкершілік

Біз барлығымыз өз жұмыс орнымыз және атқаратын тапсырмаларымыз үшін жауапкершілікті сезінеміз. Өзімізге тапсырылған міндеттерді іждағатпен, жан-тәнімен беріле атқарамыз. Компанияның мүлкін қорғап, оны үлкен қауіп-қатерге тікпейміз. Міндеттерді орындау және коммерциялық құпияны сақтаудың арқасында біз сенім артуға лайықты компанияны құрамыз.

Өнімдеріміздің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз бар күшімізді саламыз. Өндіретін өнімдерімізді, әсіресе адам өмірін аман алып қалуға көмектесетін дәрілік заттарды әрдайым қолжетімді ету үшін үлкен жауапкершілік сезінеміз.

Ниеттестік

Біз көмекке мұқтаж жандарға және науқас адамдарға қол ұшын береміз. Біз фармацевтикалық нарықтың жоғары сапасына сай болу үшін терапиялық амалдарды әрқашан жетілдіріп отыруға ұмтыламыз. Басқа адамдарға деген ниеттестік бұл біздің жұмысымыздың іргетасы болып табылады.

Ынтымақтастық

Біз Polpharma тобының барлық қызметкерлерінің және ұйымдық бірліктерінің білімдері мен сан алуан құзыреттеріне негізделген топтық жұмысты жоғары бағалаймыз. Тәжірибеге сүйене отырып, біз компанияның қамын ойлаймыз, сонымен бірге, инновациялық қызметіміздің тірегі болып табылатын тың идеяларға да есігіміз әрдайым ашық.

Біз ашық қарым-қатынас пен диалогқа үлкен ден қоямыз. Біздің мақсатымыз - серіктестік қарым-қатынасқа және өзара түсіністікке қол жеткізу. Жоспарларымызды жүзеге асыруда бір-бірімізге қолдау көрсете отырып, ортақ мақсаттарымызға жетуге ұмтыламыз. Нарықта табысқа жету Polpharma Тобындағы адамдардың, командалардың және оның барлық субъектілерінің өзара әрекеттесуіне тікелей тәуелді. Сонымен қатар, бұл іскерлік және әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді байланыстарды қалыптастыруға жағдай жасайды.

7.1. Әріптестермен қарым-қатынас жасау барысында біз қандай қағидаларды ұстанамыз?

Біз әріптестер мен іскерлік серіктестер арасындағы сыйластыққа және өзара әрекеттесуге негізделген көңілге жайлы жұмыс ортасын жоғары бағалаймыз.

Өзімізге жүктелген міндеттерді атқару кезінде біз оған жеке атсалысып, жауапкершілікпен және адал түрде қараймыз. Қызметкерлерге өз кәсібiнен қанағат алуға және олардың дамуына жағдай жасайтын жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеміз. Біз олардың қауіпсіздігі мен денсаулығының қамын ойлаймыз. Қызметкерлердің өз жеке өмірін қорғау құқығын сақтаймыз.

Біз ұстанған этикалық құндылықтар қолайлы жұмыс ортасын құруға әсер етеді:

Біз жұмыс бабында көтерілу, кәсіби даму және сыйақы алу үшін барлығына ортақ мүмкіндіктерді ұсынамыз

Біз қызметкерлерді әрекет етуге ынталандырып, олардың қабілеттері мен дарынын дамытамыз. Қызметкерлер өздерін компаниямен бірдей көріп, онда маңызды рөл атқаратынын ұғынғанын қалаймыз. Біз әділ себептерге сүйене отырып сыйақы тағайындау жүйесін белгілейміз. Басшылық іс жүзіндегі өлшемдерді негізге ала отырып, қызметкерлердің еңбегіне жете әрі сапалы түрде әділ бағасын береді. Біз кәсіпқойлықты, тәжірибелілікті және жұмыс нәтижесін бағалаймыз. Қызметкердің мансабының қалай құрылатындығы компанияның қажеттіліктеріне, сондай-ақ, қызметкердің жұмыс нәтижесіне және де өзіне жүктелген тапсырмаларды орындауға қаншалықты атсалысқандығына тәуелді.

Біз қызметкерлермен олардың кәсіби даму мүмкіндіктері жөнінде сөйлесіп, осы тақырып төңірегінде оған толық және нақты ақпаратты береміз. Қызметкерлерге олардың нақты лауазымына сәйкес өз білімдері мен дағдыларын шыңдауға арналған компанияда іске асырылатын барлық бағдарламаларды ұсынамыз.

Біз адамның абыройына құрметпен қараймыз

Біз қызметкерлердің құқығын таптайтын, оның ішінде келемеждеу, кемсіту, зәбір көрсету немесе жеке құқығын аяқ асты ету секілді әрекеттерге жол

бермейміз. Біз жеке мәліметтерді жария етпейміз, осы мәліметтерді қорғаймыз және қызметкерлер жөнінде өсек-аяң таратпаймыз. Қызметкердің өз-өзін бағалауын түсіру, ұжымнан оқшаулау немесе одан шығарып тастау үшін қорқытумен, қудалаумен байланысты кез-келген әрекеттерге бөгет жасаймыз. Біз адамның ар-намысын құрметтеп, жеке мәдениет ережелерін сақтаймыз. Polpharma Тобындағы жұмыс берушісіне және еңбекке орналасу түріне қарамастан, барлық қызметкерлерге теңдей құрмет көрсетеміз. Біз ешкімді жынысы, жасы, тегі, ұлты, сенімі, сексуалдық бағыты, сыртқы келбеті, денсаулық жағдайы, шектеулі мүмкіндіктері немесе басқа да кәсіподақ ұйымдарына мүше болғаны үшін кемсітпейміз.

Біз адал түрде әрекет жасап, қарым-қатынас құрамыз

Біз әдеп ережелеріне сәйкес және адал түрде әрекет етеміз. Этика қағидаттарын ұстанып, заң мен ішкі тәртіптерді сақтаймыз. Polpharma Тобының беделін түсірмейтіндей, кәсіби түрде әрі сыйластықпен қарым-қатынас жасаймыз. Біз алдау, ақпаратты жасыру немесе адастыру сынды лайықсыз іс-әрекеттерге бармаймыз.

Біз қызметкерлерге қатысты шешімдер туралы шынайы ақпарат ұсынып, олардың жұмыс нәтижесі жөнінде сұхбаттасамыз. Біз берілген тапсырмалар және олардан қандай нәтиже күтіп отырғанымыз жөнінде ақпарат береміз. Тапсырманың дұрыс орындалуына жеткілікті болатындай көлемде компанияның қызмет етуімен байланысты ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік жасаймыз. Білімдермен бөлісіп, Polpharma Тобының компаниялары арасында, ұжым ішінде

серіктестікке негізделген ашық қатынасты құруға көмектесетін қарым-қатынас әдістерімен бөлісеміз. Біз компанияға және оның айналасындағыларға пайда келтіре отырып, алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ынтымақтастықты және өзара қолдау көрсетуді жоғары бағалаймыз.

Біз қауіпсіз әрі денсаулыққа зиян келтірмейтін еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеміз

Біз үшін қызметкерлердің, сонымен қатар, бізбен әрекет ететін тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі және олардың денсаулығын сақтау аса маңызды. Біз нақты жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті және денсаулық сақтаумен байланысты ережелер мен нұсқаулықтарды сақтаймыз. Осы саладағы заңнамаларда қамтылған талаптардан асатын артық көлемде еңбек шарттарын жақсартатын іс-шараларды қабылдаймыз. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін сақтау барысына белсенді атсалысып, адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардан сақтануын және осындай жағдайлар туралы хабарландыруды қамтамасыз ететін саналы қатынасты қалыптастыруға ұмтыламыз.

Біз әралуандылықты бағалаймыз

Біз әралуандылықты Polpharma Тобының артықшылығы деп қараймыз. Біздің мәдениетіміздің есігі қызметкерлердің жынысына, жасына, тегіне, ұлтына, сеніміне, сексуалдық бағытына, сыртқы келбетіне, денсаулық жағдайына, мүмкіндігінің шектеулігіне немесе оларды басқалардан ерекшелейтін өзге жағдайларға қарамастан, барлығы үшін ашық.

Күнделікті өмірде біз қызметкерлердің, тұтынушылардың, іскерлік серіктестердің сан алуан тәжірибесін және жетістіктерін өз игілігімізге пайдаланамыз. Басқа адамдардың көзқарасын сыйлап, олармен қарым-қатынас орнатуды және білімдермен алмасуды біздің дамуымызға жол ашып, қиыншылықтарды еңсеруге жағдай жасайтын мүмкіндік ретінде қарастырамыз.

Polpharma Тобының беделі туралы қам жейміз

Бір-бірімізге сене отырып, біз қызметкерлердің өз жеке өмірін қорғау құқығын сақтаймыз. Сонымен бірге, біздің жұмыстан тыс уақыттағы іс-әрекетіміз Polpharma Тобының беделі мен имиджіне әсер ететін әрдайым есте ұстаймыз. Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау кезінде Polpharma Тобының беделін сақтайтындай етіп әрекет жасаймыз. Біз Polpharmаның сауда белгісі (брендін) мен құндылықтарын бағалаймыз. Біз тек уәкілетті тұлғалар ғана Polpharma Тобы және оған енетін жекелеген субъектілер жөнінде БАҚ-пен қарым-қатынас жасай алады деген қағиданы ұстанамыз.

7.2. Іскерлік қарым-қатынаста қандай ережелерді ұстанамыз?

Біз қызметкерлер, тұтынушылар және іскерлік серіктестер алдындағы міндеттемелерімізді орындай отырып, қызметімізді жоғары жауапкершілікпен атқарамыз.

Біз Polpharma Тобының коммерциялық құпиясын сақтауға және мүлкін қорғауға үлкен мән береміз. Күнделікті жұмыста мүдделер қайшылығының туындауын алдын алатын шараларды қабылдаймыз. Сонымен қатар, бәсекелестерге, жеткізушілер мен тұтынушыларға қатысты тиісті тәжірибені қолдану біздің жауапкершілігіміздің аясына кіреді деп түсінеміз.

Өндірілетін өнімнің қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету Polpharma Тобының барлық қызметкерлерінің емделушілер алдындағы ең маңызды жауапкершілігі деп есептейміз. Біз кәсіби адалдық туралы қам жейміз. Әрбір қызметкер өзіне жүктелген жауапкершілік аясында жүріс-тұрыс ережесіне сай келмейтін әрекеттерге белсенді түрде кедергі жасауы тиіс.

Әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына сәйкес біз жергілікті жұртшылықпен жақсы қарым-қатынас құруға мән беріп, кәсіпорындардың айналасындағы қоршаған ортаны қорғауға көңіл бөлеміз. Polpharma Тобының айналасындағы қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуде қызметкерлердің белсене атсалысқанын жоғары бағалаймыз.

Біздің этикалық құндылықтарымыз бизнес жүргізуге жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді:

Біз өз міндеттерімізді орындаймыз

Біз өзімізге алған жауапкершіліктің барлығын орындау үшін бар күшімізді саламыз. Искерлік серіктестеріміз бен тұтынушылардың қауіпсіздігі туралы ойлана отырып, сондай-ақ, қызметкерлерімізбен адал қатынасты құруға ұмтылатындықтан, біз өзіміз орындай алмайтын уәделерді бермейміз.

Polpharma тобының мүлігін ұқыпты ұстаймыз

Әрбіріміз Polpharma Тобының активтерін орынсыз пайдаланғаны немесе ысырап еткені үшін жауапкершілік көтереді. Атап айтқанда, компанияның активі деп айналымнан тыс активтерді және жылжымалы мүлікті, заңмен қорғалған ақпаратты, тауар белгісін және басқа да материалдық емес активтерді, барлық қорлар мен ақшалай қаражаттарды атаймыз. Сонымен қатар, жұмыс уақыты өте маңызды актив болып табылады, оны біз міндетті түрде тиімді

пайдалануымыз қажет. Polpharma Тобының мүлкі қызметкерлердің өз жұмыстарын лайықты түрде атқаруы үшін берілген. Қолданыстағы тәртіптерге қарсы, оларды жеке мақсаттарда қолдануға жол бермейміз.

Біз зияткерлік меншікке және коммерциялық құпияға құрметпен қараймыз

Біз құпия, оның ішінде электрондық түрдегі, алдыңғы жұмыс берушіден немесе басқа көздерден алынған, пайдалануға құқығымыз жоқ құпия ақпаратты қолданбаймыз. Ашылған жағдайда Polpharma Тобына қандай да бір зиянын немесе кері әсерін тигізуі мүмкін коммерциялық, техникалық немесе ғылыми сипаттағы ақпараттарды сақтаймыз және олардың уәкілетті емес тұлғалардың қолына түсуіне жол бермейміз. Тұтынушыларымыздың немесе іскерлік серіктестеріміздің бізге сеніп тапсырған құпия ақпаратына да тура осылай қараймыз. Тиісті құқығымыз жоқ зияткерлік меншікке қандай да бір жолмен қол сұқпаймыз.

Біз мүдделер қайшылығына жол бермейміз

Қызметкердің жеке немесе отбасылық мүдделері немесе басқа да байланыстары компанияның мүддесіне қайшы келген жағдайда бұл мүдделер қайшылығына әкелетін себепке айналуы мүмкін. Мұндай жағдайлар заманауи қоғамда жиі кездесіп тұрады. Осындай жағдайлардың пайда болуы мүмкін екенін түсініп, тиісті шараларды дереу қабылдау арқылы қайшылықты алдын алуға болады.

Компания мүдделерімен қайшы жағдайларға түскен Polpharma Тобының қызметкерлері өз басшысына немесе Этика кодексінің орындалуына жауапты қызметкерге осы жөнінде хабарлап, қайшылық туындаған жағдайда шешім қабылдаудан немесе қызметтен бас тартуға міндетті. Бұл жағдайда мүдделер қайшылығына қатыспайтын, осы мақсатта тағайындалған тұлға немесе басшы нақты осы жағдайды зерделегеннен кейін белгілі бір шешімді немесе нақты әрекеттерді қабылдайды.

Мүдделер қайшылығының орын алған-алмағанына баға беру қиындық тудырған жағдайда басшылықпен немесе Этика кодексінің орындалуына жауапты қызметкермен байланысу қажет. Атап айтқанда, мүдделер қайшылығы келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

- ✓ жұмысшы өз туысқандарымен немесе басқа да жақын адамдарымен ынтымақтасуға, сонымен қатар, осы жұмысшыға, туысқандарына немесе оның басқа да жақын адамдарына тиесілі компаниялармен ынтымақтасуға әкелетін тапсырысты ұсынса немесе осындай тапсырысты ұсынудың нәтижесінде Топтың атынан жауапкершілік көтеретін болса;
- ✓ туысқандары мен жақын адамдарына еңбекақы төлеу, оларды қызмет бабында көтеру немесе жұмысқа кіргізу секілді жеке шешімдерді қабылдау жұмысшының қызмет бабындағы міндеттер аясына кіретін болса;
- ✓ қызметкер Polpharma тобының мүддесіне нұқсан келтіретін басқа субъектердің қызметтеріне қатысса немесе басқа субъектілердің осындай қызметіне қолдау көрсетсе.

Қызметкер немесе қызметкердің пайдасы үшін басқа тұлға компанияның бәсекелестерінің, жеткізушілерінің немесе іскерлік серіктестерінің акция бөлігін немесе акциясын сатып алуды көздеген жағдайда, бұл мәлімет жөнінде алдын ала Кодекстің орындалуына жауапты басшыға немесе қызметкерге хабарлау қажет. Сонымен қатар, қызметкер Polpharma Тобы сатып алуға ниетті болған компанияның (егер қызметкер Топтың бұл компанияны сатып алуға ниеті бар екенін білген жағдайда) акцияларын немесе акция бөлігін сатып алғысы келетін болса, осы жөнінде хабарлауы тиіс.

Қызметкердің өз міндеттерін атқаруына нұқсан келтіретін болса, бірінші кезекте, қызметкердің өз қызметіне әділ түрде қарауына кедергі келтіретін болса немесе Polpharma Тобының беделіне кері әсер тигізетін болса, компания мұндай келісімге қарсылық таныта алады. Еркін айналымда жүрген акцияларды сатып алған жағдайда, қызметкерлер бұл жөнінде ақпараттандыруға міндетті емес.

Біз материалдық құндылықтарды ұсынбаймыз және қабылдамаймыз

Polpharma Тобының абыройын сақтап, іскерлік қарым-қатынасты орнату немесе қолдау үшін біз лайықсыз жеке немесе шектен шығатын әрекеттерге бармаймыз. Біз саясаткерлерге, мемлекеттік шенеуніктерге, аудиторларға, кәсіпорын қызметкерлеріне немесе басқа да орган қызметкерлеріне қызметтік мәнсабы аясында белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруына немесе тоқтатуына ықпал ету мақсатында Polpharma Тобы қызметкерлерінің оларға ақшаны, кәдесыйлар, қызметтер немесе басқа да материалдық құндылықтарды астарлап беруіне және табыстауына жол бермейміз.

Промо-наукандар және жарнамалар аясында қолданыстағы заң ережелерінде рұқсат етілген көлемде дәрігерлер мен фармацевтерге біз ұсынатын материалдық пайдалар шектен тыс, қалыптасқан ғұрыптарға сәйкессіз немесе оған қайшы болмауы тиіс. Біз Polpharma Тобының абыройына нұқсан келтіретін немесе алушыда жағымсыз әсер қалдыратын, заңға қайшы болмаса да, қоғамда кері пікір қалыптастыратын материалдық құндылықтарды беруден өзімізді аулақ ұстаймыз.

Қолданыстағы заңнама ережелерінде рұқсат етілген көлемде дәрігерлер мен фармацевтерге олардың ұсынған қызметтері үшін берілетін сыйақы дәрігер немесе фармацевтің біліктілігіне және жұмсаған жұмыс уақытына сәйкес келуі тиіс және қалыптасқан нарық мөлшерлемесінен аспауы керек.

Polpharma Тобының қызметкерлеріне ешбір жағдайда қолма-қол ақша түрінде немесе оның баламасы ретінде (мысалы, ақшалай сыйлық карталарын немесе тауарларға арналған купондарды) сыйлықтарды қабылдауға болмайды. Біздің қызметкерлер Polpharma Тобының серіктестерінен іскерлік сыйлықтарды тек қолданыстағы нарық заңнамасына сәйкес және қалыптасқан ғұрыптар аясында, тек қана промо-наукандарға немесе белгілі бір іс-шараларға байланысты алуына болады, сондай-ақ, мұның нәтижесінде алынған сыйлық жұмыс барысындағы әрекеттерді жүзеге асыруға немесе тоқтатуға алып келмеуі керек. Кәдесый құны және оны қабылдағаннан кейінгі іс-әрекеттер Polpharma Тобының осы саладағы ішкі нұсқаулықтарына сай болуы қажет.

Біз қонақжайлылықтың шегін бұзбаймыз

Іскерлік қонақтарды біз лайықты түрде және шектен тыс мейманшылықсыз күтеміз. Қонақтың жоралғысы мен мәдениетін сақтап, оған қоса іскерлік қарым-қатынас пен сыйластықтың дәлелі болатындай етіп күтуге бар күшімізді саламыз. Сонымен қатар, Polpharma Тобының беделіне нұқсан келетіндей қандай да бір әрекеттерге, яғни бегілі бір іс-әрекеттерді орындауға немесе тоқтатуға алып келетін, материалдық пайда ретінде қабылданатын кәдесыйлар мен шақыртуларды ұсынбаймыз.

Промо-науқан және ғылыми шаралар барысында дәрігерлер мен фармацевтерге көрсетілетін қонақжайлылық тек қолданыстағы заңнама қағидаттарына сай болуы тиіс. Қолданыстағы заңнама қағидаттарына қарамастан, қонақжайлылық кездесудің түрі мен мақсатына сәйкес келіп, шектен тыс болмауы және үйреншікті ғұрыпты бұзбауы тиіс. Біз Polpharma Тобының абыройына нұқсан келтіретіндей қандай да бір әрекеттерге бармаймыз, яғни қоғамда кері пікір қалыптастыратын немесе келеңсіз әсер ететіндей қонақжайлылықты көрсетуден аулақпыз.

Біз бәсекелестік пен ілгерілетудің адал қағидаттарын ұстанамыз

Біздің қағидат - адал бәсекелестік ережелерін ұстану. Біз Polpharma Тобының ішкі тәртіптерін сақтай отырып, жарнамалық науқандар мен промо-акциялардың қолданыстағы заңнамаға сәйкес өткізілуін қамтамасыз етеміз. Тұтынушыларды адастырмастан, шынайы, адал түрде жарнамалық науқандарды жүзеге асырамыз.

Тұтынушыларға және іскерлік серіктестерге нақты емес немесе шындыққа сәйкес келмейтін, екі ойлы пікірді тудыратын немесе қате қабылданатын ақпаратты бермейміз. Сонымен қатар, біз алдау немесе ақпаратты жасыру секілді лайықсыз әрекеттерге барудан аулақпыз.

Біз жеткізушілермен жақсы қарым-қатынас құрамыз

Әлеуметтік жауапкершілігі жоғарғы компания ретінде біз жеткізушілермен қарым-қатынас жасау барысында адам құқығын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануға үлкен мән береміз. Оның ішінде балалар еңбегіне тыйым салу және жұмысқа мәжбүрлеу, адал бәсекелестік заңы, жемқорлыққа қарсы әрекеттер және қоршаған ортаны қорғау сынды мәселерге зейін қоямыз.

Тұтынушылар мен жеткізушілердің Polpharma Тобының этикалық құндылықтарын білуі және оны қабылдауы біз үшін маңызды болып табылады.

Жеткізушілерді таңдау барысында біз Топтың ішкі тәртіптеріне сай әрекет етеміз. Бізбен әрекет етуге ниетті субъектілерге әділ баға беруді және олардың арасындағы теңдікті сақтауды көздейтін қағидаттарды басшылыққа аламыз. Біз шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіп, сонымен қатар, жеткізушілердің серіктестік қатынас жүргізудегі сапасын бағалай отырып, өзара қызмет жасау барысында туындаған барлық күмәндерге әділ бағасын беріп, оған байланысты шешімдерді жылдам қабылдауға тырысамыз.

Біз өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз

Біздің өнімдеріміздің сапасы мен қауіпсіздігі – бірінші кезекте тұратын міндет. Өнімді әзірлеу, өндіру, қоймаға жеткізу және сатудың әрбір кезеңінде біз осы міндетті орындауға үлкен мән береміз. Тиісті өндірістік тәжірибенің халықаралық стандарттарын ұстанамыз. Әрбір қызметкер өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі үшін өз жауапкершілігін сезініп және күнделікті іс-әрекеті барысында осы саладағы стандарттарды сақтауға тырысады.

Біздің ниетіміз емделушілермен және медициналық қауымдастықпен ортақ

Біз емделушілерге заманауи диагностика құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін және профилактика мен денсаулықты қорғауды жеңілдетуге бағытталған бағдарламаларға атсалысамыз. Бұл салада біз медициналық қауымдастықпен ынтымақтаса жұмыс жасаймыз. Біз фармакология мен медицина саласындағы ғалымдарға қолдау көрсетеміз, оның ішінде Polpharma Ғылыми қорының қызметі арқылы осы міндетті орындаймыз.

Біз көршілерімізбен жақсы қарым-қатынасты орнатамыз

Жергілікті жұртшылықпен түсіністік және ынтымақтастық негізінде құрылған жақсы қарым-қатынасты орнатуға тырысамыз. Біз өзара міндеттерімізге құрметпен қарап, бір-бірімізге артқан үміттерімізді ақ-тауға ұмтыламыз. Аймақта жүргізетін қызметіміздің ауқымына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға

үлес қосу арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамытуға атсалысамыз. Біз қызметкерлеріміздің әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысуы үшін оларға қолдау көрсетеміз.

Біз қызметімізді табиғатты қорғау саласындағы заңнамаға сай жүзеге асырып, өндірістік кәсіпорындарымыздың айналадағы өмір жағдайы мен сапасына тигізетін жағымсыз әсерін шектеуге үнемі мән беріп отырамыз. Біз қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заманауи технологиялық шешімдер мен жоғары стандарттарды қолданып, үйлесімді даму идеясына сәйкес табиғат құндылықтарын сақтауға көңіл бөлеміз. Қызметкерлер арасында экологиялық сананы қалыптастырып, айналамыздағы қоршаған ортаны қорғаудың қаншалықты маңызды екенін ұғындыруға тырысамыз. Біз қызметкерлеріміздің жұмыс ортасында, сонымен бірге, одан тысқары орындарда қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған әрекеттерін жоғары бағалаймыз.

8. Тәртіп бұзушылық туралы хабарлау

Polpharma Тобындағы этикалық құрылымдар

Polpharma Тобында Compliance Officer жұмыс жасайды, ол Этика кодексінің сақталуын, қызметкерлердің заңнама ережелері мен бекітілген тәртіптерді ұстануын қадағалайды. Оның міндетіне қажетті этикалық мәдениетті қалыптастыру мақсатында Этика бағдарламасын ендіру саласында Polpharma Тобына кіретін субъектілерге демеу көрсету кіреді.

Сонымен қатар, Polpharma Тобының Compliance Officer-імен қарым-қатынаста болатын SANTO компаниясында өзінің Compliance Officer-і болады. SANTO компаниясының Compliance Officer-і SANTO компаниясындағы қызметкерлердің Этика кодексін сақтауын, сондай-ақ, қызметкерлердің жергілікті заңнама ережелерін және де компанияның осы аймақтағы тәртіптерін сақтауын қадағалап, осыған қоса тәртіп бұзушылық жөнінде хабарланған жағдайда түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Compliance Officer SANTO компаниясында жергілікті заңнама тәртібінің және Polpharma Тобында қабылданған этика ережелерінің бұзылу жағдайларына қатысты тәуелсіз позицияны ұстанады. Осы саладағы ішкі тексеру жұмыстарын ол өз бетінше немесе SANTO компаниясында тағайындалған Этика мәселелері жөніндегі топпен ынтымақтаса отырып жүргізеді.

Оның құрамына этика қағидаттары мен заңнаманың бұзылу жағдайларын қарастыру үшін тиісті құзыреті мен тәжірибесі бар тұлғалар кіреді.

Тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлау жүйесі

Этика кодексінің ережелері немесе заңнама талаптарының бұзылғанына куәгер болған Polpharma Тобының қызметкері осы жағдайды түзету үшін өз бетінше әрекет жасай алады.

Сондай-ақ, қызметкер Этика кодексінің ережелері немесе заңнама талаптарының бұзылғаны жөнінде оған тиісті қолдау көрсететін тікелей басшысымен ашық әңгіме барысында хабарлауына болады. Егер өз басшылығының көмегіне жүгіне алмаса немесе істің сипатына байланысты бұлай жасамаған жөн болған жағдайда, ол ішкі тергеуді бастайтын SANTO компаниясының тікелей Compliance Officer-імен хабарласуы қажет.

Этика кодексінде мазмұндалған ереженің немесе заңнама тәртібінің бұзылғанына күдік туған жағдайда да қызметкер жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жасауы тиіс.

Сонымен қатар, Polpharma тобының Этика кодексінде мазмұндалған ережелердің немесе заңнама талаптарының бұзылғаны жөнінде Топ сыртындағы клиент те хабарлай алады.

SANTO компаниясының Compliance Officer-іне Этика кодексінің немесе заңнама талаптарының бұзылғаны жөнінде келесі жолдармен хабарлауға болады:

- ✓ *алдын ала мекенжайы мен уақытын келісіп, тікелей кездесу;*
- ✓ *ethics@santo.kz мекенжайына электрондық хат жіберу;*
- ✓ *телефон арқылы тілдесу немесе автоқабылдағышқа хабарлама қалдыру:
тел.: +7 725 261 01 55 ішкі т. 2555;*
- ✓ *келесі мекенжайға хат жіберу: Compliance Officer, «Химфарм» АҚ,
Алматы филиалы, Алматы қ., 050008, Әл-Фараби көшесі, 17/1,
«Нұрлы тау» бизнес орталығы, 5Б блогы, 19-қабат.*

Хабарландыруда аталған тәртіп бұзушылықтар хабарлап отырған тұлғаның жекебасына тікелей қатысты болуы тиіс емес. Polpharma-ның әрбір қызметкері тәртіп бұзушылық тікелей өзіне қатысты болмаса да, ізгі ниетпен Этика кодексінің бұзылғаны жөнінде хабарлауға міндетті.

Егер ішкі тергеуді жүргізу барысында Этика кодексінің немесе қолданыстағы заңнама талабының бұзылғаны анықталса, SANTO компаниясының Compliance Officer-і жағдайды түзету үшін тиісті шаралар қолданады, егер дәлелденсе, тәртіп бұзушылыққа жол берген тұлғаны жауапкершілікке тартады.

SANTO компаниясының Compliance Officer-і тәртіп бұзушылық туралы хабарлаған тұлғаны ішкі тергеу нәтижесі жөнінде хабардар етеді.

Polpharma Тобындағы Этика кодексімен байланысты емес Топ ішіндегі басқа да тәртіптер бұзылған жағдайда, Compliance Officer қарастыруы тиісті деп санасаңыз, тәртіп бұзушылықтар жөнінде SANTO компаниясының Compliance Officer-іне хабарлау қажет.

Тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлаған тұлғаның жекебасына қатысты деректерді қорғау

Тергеу барысында тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлаған тұлғалардың барлығының жекебасына қатысты деректер қорғалады. Тағылған айып расталғанға дейін осы тәртіп бұзушылықпен байланысты тұлғаның мәліметтері де құпия түрде сақталады. Бұл шара тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлаған қызметкер үшін де, сонымен қатар, әділетсіз айыпталған тұлға үшін де жағымсыз нәтижені алып келмеу мақсатында жасалады. Қолданыстағы заңнама талаптарында нақты солай көрсетілген жағдайда ғана тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлаған тұлғаның жекебасына қатысты деректерді ашуға болады.

Тәртіп бұзушылық жөнінде хабарлаған тұлғаға қарсы қастық әрекеттерге төзімсіздік таныту

Polpharma Тобында компанияның Этика кодексiнiң, қолданыстағы заңнама ережелерiнiң немесе компаниядағы басқа да тәртіптердiң бұзылғаны жөнінде хабарлаған тұлғаларға қарсы қандай да бiр керi iс-әрекеттердi жасауға жол берiлмейдi. Мұндай әрекеттерге барған тұлғаға қатысты еңбек шартын тоқтатуға дейiн алып келуi мүмкiн жекелеген тәртіптiк жаза қолданылатын болады.

Этика кодексі SANTO компаниясы бас директорының шешімімен қабылданған және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрекет етеді.

Polpharma Тобының жекелеген фирмаларында Этика кодексін ендіру үшін қажетті шараларды қабылдау сол компаниялардың тиісті басқару органдарына тапсырылады

Белгілеу үшін:
